

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҚҰРЫЛЫС САЛУ
АУДАНДАРЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
ЖҮРГІЗУ

ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА РАЙОНОВ
ИНДИВИДУАЛЬНОГО ЖИЛИЩНОГО
СТРОИТЕЛЬСТВА

ҚР ЕЖ 3.01-102-2012
СП РК 3.01-102-2012

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» РМК, ЮқДГП
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** РГП «КазНИИСА», ЮқДГП
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	1
4 ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ АУДАНДАРЫН СӘУЛЕТТІК-ЖОСПАРЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	2
4.1 Орналастыру және жоспарланған құрылым	2
4.2 Кешенді қалақұрылыстық қайта құру	2
5 АУЛАЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	3
5.1 Жоспарлы ұйымдастыру.....	3
5.2 Үй-жайлық және пәтерлік телімдер.....	6
6 КӨГАЛДАНДЫРУ МЕН АБАТТАНДЫРУДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	11
6.1 Көгалдандыру мен абаттандыру	11
6.2 Суғару	12
6.3 Аумақтың инженерлік дайындығы.....	12
7 ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	13
8 КӨЛІКТІК ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨШЕЛІК ЖЕЛІНІ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	13
9 ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	16
9.1 Сумен жабдықтау және суды бұрып әкету	16
9.2 Санитарлық тазарту.....	16
9.3 Энергиямен жабдықтауды жобалау ережелері.....	17
9.4 Байланыс және радиотарату құралдарын жобалау ережелері	18
9.5 Инженерлік желілерді орналастыру ережелері	19
10 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ТАРАУЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	20
11 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР.....	20
А қосымшасы (ақпараттық) Жеке тұрғын үй құрылысы аудандары үшін жер телімі бар бір үйге (пәтерге) шаққандағы аумақтың ірілендірілген көрсеткіштері	24
Б қосымшасы (ақпараттық) Телімнің оңтайлы ауданын және оның тығыздық сипаттамаларын аналитикалық (талдамалы) есептеу әдісі	25
В қосымшасы (ақпараттық) Жеке тұрғын үй құрылысы аудандары үшін тұрғындардың есептік тығыздығы (брутто).....	29
Г қосымшасы (ақпараттық) Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарын есептеу нормалары мен олардың жер телімдерінің көлемі.....	30
КІТАПНАМА	39

КІРІСПЕ

Осы Ережелер жинағы ҚР ҚН 3.01-02-2012 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салу» атты құрылыстық нормаларда қарастырылған міндетті талаптарды жобалаудың қолайлы шешімдерімен жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салу үшін дамыту және қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Ережелер жинағы өзін ақтаған және іс жүзінде тексерілген жеке тұрғын үй құрылысы аудандарының жекелеген функционалды жоспарлау және құрылысын салу аймақтарының техникалық шешімдері мен ережелерін белгілейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҚҰРЫЛЫС САЛУ АУДАНДАРЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ

ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА РАЙОНОВ ИНДИВИДУАЛЬНОГО
ЖИЛИЩНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

Енгізілген мерзімі - 2015–07–01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салу ережелер жинағы (бұдан әрі – Ережелер) жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салуға елді мекен аумағын кеңістікте ұйымдастырылуының қауіпсіздігі мен тиімділігін көздейтін қалақұрылыстық жоспарлаудың жаңа қағидаттарын ескере отырып таралады.

1.2 Осы қолайлы шешімдер жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлап, салуға құрылыстық нормалар талаптарын орындаудың жалғыз тәсілі болып табылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағында төменде келтірілген сілтемелі нормативтік құжаттар пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9-қаңтардағы Экологиялық кодексі.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 3.01-02-2012 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салу.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 1.01-01 және ҚР ҚН 3.01-02, [1] және [2] құжаттарында келтірілген терминдер мен анықтамалар пайдаланылған.

4 ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ АУДАНДАРЫН СӘУЛЕТТІК-ЖОСПАРЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Орналастыру және жоспарланған құрылым

4.1.1 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандары елді мекеннің жалпы функционалды-жоспарланған құрылымның құрамдас бөлігі болып табылады.

4.1.2 Үй-жайлық және пәтерлік телімдердің көлемдері нақты қалақұрылыстық жағдайларға, қалыптасатын жеке тұрғын үй құрылысы сипатына және тұрғын үйлер түрлеріне байланысты белгіленеді.

Жеке тұрғын үйге (пәтерге) бөлінетін жер телімінің көлемін төмендегідей қабылдау ұсынылады:

елді мекен шеңберінде - 300-1000 м² – бос аумақтағы аулалы тұрғын үй тұрпатты құрылыста, сонымен бірге қолданыстағы құрылысты қайта құралымдаған кезде. Бөліктелген (блокталған) типті үйлер жанында тұтастырудың жоспарлау тәсілдеріне байланысты, және қалалардың қалыптасқан құрылысының қайта құралымдау және тығыздалу жағдайында пәтерлік телімдердің көлемін 60 м² дейін кішірейтуге жол беріледі (құрылыс алаңын есептемегенде):

қала маңындағы өңірде және ауылдық елді мекендерде - 1000 м² және одан астам.

4.1.3 Жаңа аулалы тұрғын үй құрылысын және қызмет көрсету нысандарын орналастыруға қажетті аумақтардың ірілендірілген есебін 1000 адамға 50-ден 60 га дейінгі қажеттігіне негіздеп, жүзеге асыру қажет. Тиісті негізделгенде қала маңы өңірі үшін бұл көрсеткіштер 15% -дан 20%-ға дейін көбейтілуі мүмкін. Ауылдық елді мекендер үшін тұрғын аймақтары 1000 адамға 60-тан 80га дейінгі есебінен ескеріледі.

4.1.4 Ірі және үлкен қалаларының тұрғындары үшін жеке тұрғын үй құрылысы аумақтарын қала маңындағы аймақта, көбінде, негізгі транспорттық магистральдарда, сонымен бірге уақытша қолжетімділік шеңберіндегі (30 минуттан 40 минутқа дейін) қолайлы көліктік байланыстары мен инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қолайлы жағдайы бар ауылдық елді мекендерде орналастыруға жол беріледі

Қалалық және ауылдық елді мекендер классификациясын [8] сәйкес қабылдаған жөн.

4.1.5 Жеке тұрғын үй құрылысы аумағының қажеттілігін алдын ала анықтау үшін ұсынылатын А қосымшасында келтірілген бір үйге (пәтерге) шаққандағы ірілендірілген көрсеткіштерді қабылдауға болады.

4.2 Кешенді қалақұрылыстық қайта құру

4.2.1 Аулалы тұрғын үй құрылысын кешенді қалақұрылыстық қайта құру бойынша іс-шараларды бүтіндік құрылымдық-жоспарлау элементтерінің көлемінде жоспарлау қажет. Жіті (детальды) жоспарлау жобаларын әзірлеген кезде, қайта құратын аумақтың

көлемі ірі және үлкен қалалар үшін 10 га кем болмау керек, орташа және кіші қалалар мен ауылдық елді мекендер үшін 5 га кем емес болу керек

4.2.2 Тұрғын үй қорының нормативті тығыздығы әр түрлі типті елді мекендерде құрылымдық-жоспарлау элементін орналастыруға байланысты саралану керек. Ірі және үлкен қалаларды қайта құру кезіндегі тұрғын үй қорының тығыздық көрсеткіштері аумақты орталық, аралықтағы және шеткі өңірлерде [8] талаптарына сәйкес орналастыруға байланысты саралану керек

4.2.3 Орталық, аралық және шеткі өңірлерде орналастыруға байланысты әр түрлі көлемді елді мекендер үшін құрылымдық-жоспарлау элементтерінің шеңберінде тұрғын үй қоры тығыздығының ең төменгі көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген

1-кесте – Тұрғын үй қоры тығыздығының ең төменгі көрсеткіштері

Елді мекендердің атаулары	Тұрғын үй қорының тығыздығы, жалпы алаңының м ² /га (кем емес):		
	орталық өңірде	орта өңірде	шеткі өңірде
Ірі және үлкен қалалар	-	1500	1000
Орташа және кіші қалалық елді мекендер	1000	750	
Үлкен және ірі қалалардың қала маңы өңірі, ауылдық елді мекендер*	750		
Ескертпе – Құрылымдық-жайғастыру элементтерін 50га артық жобалаған кезде, аудандық немесе қалалық маңыздағы қоғамдық мақсаттағы нысандар үшін аумақты тұрғын үй қорының тығыздығын 15-20% азайтып, резервте сақтау керек.			

5 АУЛАЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1 Жоспарлы ұйымдастыру

5.1.1 Елді мекендерде нақты қалақұрылыстық жағдайларға байланысты тұрғын үй-жай құрылысының әр түрлі типтерін қолданған жөн:

- ірі және үлкен қалалардың аумақтарын (телім көлемі 300-ден 400 м² дейін) қайта құралымдау жағдайында жоғары тығыздықты үй-жай құрылысы;

- қосалқы шаруашылық жүргізуді қарастырмайтын, әдеттегідей, коттедждік немесе біріктірілген (блокталған) қалалық типті үй-жай құрылысы (үлескі көлемі 600 м² астам);

- ірі және үлкен қалалардың шеткі өңірлерінде қолданылатын немесе орташа және кіші қалалық елді мекендердің аралық өңіріндегі үй-жай құрылысы (үлескі көлемі 1000 м² аспайтын);

- орташа және кіші қалалық елді мекендердің шеткі өңірінде, қалалардың қала маңы өңірлерінде және ауылдық елді мекендерде қосалқы шаруашылық жүргізуді қарастыратын

үй-жай құрылысы (үлескі көлемі 1500 м² және одан жоғары).

5.1.2 Жеке тұрғын үй құрылысы ауданында орналасқан жер телімдерінің құрылысы параметрлеріне және жылжымайтын мүлікті пайдалану түрлеріне қойылатын талаптар тұрғын аймағының стандарттарында келтірілген.

5.1.3 Тұрғын аймақтарының стандарттары мүліктік шектелімге және иеленушілер табыстарына және аталған аймақтардың аумақтарында орналасқан жылжымайтын мүліктің жалдаушыларының мекендеуінің қауіпсіздік және жайлылық критерийлеріне негізделген.

5.1.4 Қалалық орта сапасының негізгі сандық белгісі (критеріі) болып біріктірілген «тығыздық» ұғымы есептеледі де әр түрлі бірліктерде көрсетіледі: «тұрғындар тығыздығы», «тұрғын үй қорының тығыздығы», «аумақ бірлігіне шаққандағы тұрғын бірліктерінің тығыздығы» және басқалар. Олар сандық жағынан өзара байланысқан және адамдар санын немесе аумақ бірлігіне келетін барлық ғимараттардың жиынтық ауданын сипаттайды.

5.1.5 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жоспарлау және құрылысын салу кезінде тұрғын үй құрылысының тығыздығын реттеу үшін телімнің ең төменгі көлемінің ғимарат ауданының телім ауданына қатынасының шектеулері бойынша талаптар қарастырылады.

Телімдердің ең төменгі көлемдері, әдеттегідей, аталған тұрғын аймақтарының пайдалануға барлық рұқсат етілген жылжымайтын мүлік түрлері үшін: балабақшалар, мектептер, шағын саябақтар және басқа элементтер, (топографияны және құрылымын (конфигурацияны) ескергенде, белгіленеді.

Ғимарат ауданы мен телім ауданы арасындағы арақатынасты шектеу келесі көрсеткіштер арқылы білінуі мүмкін:

1) телімдегі құрылыс пайызы — телімде орналастырылатын ғимарат құрылысы ауданының осы телім ауданына қатынасы (%);

2) телім аумағын пайдалану қарқындылығының еселеуіші— тұрғын ғимараттары пәтерлерінің жалпы ауданының, немесе телімде орналасқан қоғамдық ғимараттардың пайдалы алаңының осы телімнің ауданына қатынасы;

3) K1(FAR) коэффициенті – телімдегі барлық ғимараттар мен имараттар қабаттарының жалпы ауданының сол телімнің ауданына қатынасы;

4) K2(OSR) коэффициенті – телімнің құрылыстан бос аумағының сол телімдегі барлық ғимараттар мен имараттар қабаттарының жалпы ауданына қатынасы.

Жер телімінің ұсынылатын тығыздық сипаттамалары 2-кестеде келтіріледі.

5.1.6 Телімнің оңтайлы ауданын және оның тығыздық сипаттамаларын талдамалы (аналитикалық) есептеу әдісі Б қосымшасында келтіріледі.

5.1.7 Үй-жай құрылысы аудандарының (орамдардың) тағы бір тығыздық көрсеткіші: тұрғын үй қорының тығыздығы (жалпы ауданның м² /га, бір гектарға шаққандағы телімдер саны), тұрғындар тығыздығы (адам/га). Есептік көрсеткіштер жалпы және детальды жоспарлаудың қалақұрылыстық құжаттамасында белгілену керек. Тұрғын үй-жай құрылысының әр түрлі типтерін пайдаланғандағы тұрғын үй қоры мен тұрғындар тығыздығының ең төменгі рұқсат етілген көрсеткіштері 3-кестеде келтірілген.

5.1.8 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандары тұрғындарының есептік тығыздығын үй-

жай телімдерінің көлеміне байланысты, ұсынылатын В-қосымшасын басшылыққа ала отырып қабылдаған жөн.

5.1.9 Телім ұзындығының оның еніне қатынасын 1:2 немесе 1:3 үйлесімінде қабылдаған жөн. Шаршылық үйлесімдегі телімді ені бойынша, созылықсыз - тереңдігі бойынша бөлу керек. Келесі бөлу мүмкіндігі телім шекараларынан тиісті құрылыстар шегінісімен қамтамасыз етілу керек.

2-кесте – Жер телімінің тығыздық сипаттамалары

Құрылыс түрі	Қабаттылығы	Телімнің тығыздық сипаттамалары				
		Тұрғын бірлігіне шаққандағы телім көлемі	Телім құрылысының тығыздығы	K_n макс	K_2 ^{мин} (OSR)	K_1 ^{макс} (FAR)
Өлшем бірліктері						
	қаб.	м ² /т. бір.	%	пәт. ж. а./м ²	м ² /қаб.ж.а.	қаб.ж.а/м ²
1	2	3	4	5	6	7
Аулалы тұрғын үй құрылысы	1	500	16	0,13	525	0,16
	2	1000	25	0,4	150	0,5
	2	884	25	0,4	150	0,5
	2	570	25	0,4	150	0,5
	2	530	25	0,4	150	0,5
		400-600				
Коттедж құрылысы		200-400				
	1	350	24	0,2	316	0,24
	2-ге дейін	400	34	0,6	98	0,67
	2	353	25	0,4	150	0,5
	2	158	68	1,15	24	1,35
	3-ке дейін	400	31	0,8	73	0,94
	4-ке дейін		30	1,0	54	1,3

5.1.10 Телімде шаруашылық имараттарды орналастырған кезде, оларды өзара әр түрлі біріктіру мүмкіндігін ескеру керек. Шаруашылық имараттарды (гараж, монша, жылыжай) санитарлық-гигиеналық талаптар мен өртке қарсы нормаларды сақтай отырып тұрғын үйге жалғай салуға, сонымен бірге гараждарды үйге кіріктіріп салуға (бірінші, цокольды және жертөлелі қабат) жол беріледі.

5.1.11 Жеке тұрғын үй құрылысын жобалау кезіндегі абаттандырылған жалпы қолданыстағы алаңқайлар көлемі мен олардан тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі қашықтықты 4-кестеде келтірілгендерден кем қабылдамау керек.

5.1.12 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында жалпы қолданыстағы

ҚР ЕЖ 3.01-102-2012

көгалдандырылған аумақтар (саябақтар, гүл бақтары, желекжолдар) елді мекеннің жалпы жайғасымдық құрылымымен байланыста қарастырылады.

3 - кесте – Тұрғын үй қоры мен тұрғындар тығыздығының ең төменгі рұқсат етілген көрсеткіштері

Тұрғын үй-жай құрылысының атауы	Тұрғын үй қорының тығыздығы, жалпы ауданының м ² /га (кем емес)	Тұрғындар тығыздығы, адам/га (кем емес)
Жоғары тығыздықты қалалық типті (үлескі көлемі 0,02-0,04 га)	2500	80
Орташа тығыздықты қалалық типті (үлескі көлемі 0,04-0,06 га)	1500	50
Орташа тығыздықты (үлескі көлемі 0,06-0,10 га)	1000	30
Төмен тығыздықты (үлескі көлемі 0,10-0,15 гажәне жоғары)	750	25
Ескертпе – Тұрғын үй-жай құрылысы тығыздығының көрсеткіштері тиісті негізделген кезде 15-20% ұлғайтылуы мүмкін тұрғындардың тұрғын үймен қамтылу көрсеткіші шартты түрде 30 м ² /ад. қабылдануы мүмкін.		

Жалпы қолданыстағы жеке тұрғын үй құрылысы аудандарының көгалдандырылған аумағының ауданын 6 м²/ад. кем болмайтындай қабылдаған жөн (мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінің үлескілерін ескермегенде). Жалпы қолданыстағы көгалдандырылған аумақтың жекелеген үлескілерінің аумағына демалыс алаңдары, балалардың ойын алаңдары, жаяу жүргіншілер соқпақтары кіргізіледі, егер олар үлескінің жалпы ауданының 30%-нан аспаса.

5.2 Үй-жайлық және пәтерлік телімдер

5.2.1 Тұрғын үйді, шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды орналастыру, олардың жоспардағы және биіктік бойынша көлемдерін нормативтік талаптарды, қалақұрылыстық регламенттерді сақтай отырып және көршілес телімдердің қажетті инсоляциялық жағдайын қамтамасыз етуді ескере отырып, құрылыс салушы белгілейді (немесе оның тапсырысы бойынша өзге тұлға).

Тұрғын үй мен шаруашылық имараттарды орналастыру кезінде көршілес үй-жай телімі шекарасынан тұрғын үй қабырғасына дейін кем дегенде 3м қашықтықты сақтау керек; 1 м – шаруашылық имараттарға, аталған құрылыстардың көршілес телімдердегі сәйкес құрылыстармен біріктірілген жағдайлардан бөлек.

5.2.2 Көршілес телімдерді өңірлеу жайғастырылып өзара байланыстырылу керек және санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы және басқа қалақұрылыстық талаптарға жауап беру керек.

4 -кесте – Жалпы қолданыстағы аббатандырылған алаңдардың көлемі

Алаңқайлар	Алаңқайлардың меншікті көлемдері, м ² /ад.	Алаңқайлардан тұрғын және қоғамдық ғимараттар терезелеріне дейінгі қашықтық, м
Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың ойынына арналған	0,7	12
Ересектер демалуға арналған	0,1	10
Дене шынықтыруға арналған	2,0	10-40
Шаруашылық мақсаттарға арналған	0,3	20
Иттерді серуендетуге арналған	0,3	40
Автомашиналар тұрақтары үшін	0,8	[11]
Дәстүрлі өнерпаздық іс-шаралар үшін	0,6	25
Кіші кәсіпкерлік қызметке арналған	2,0	10-50
<p>Ескертпе – Дене шынықтыру алаңқайларына дейінгі қашықтық олардың шу және гигиеналық сипаттарына байланысты белгіленеді: коқыс жинау алаңқайларынан ашық дене шынықтыру алаңқайларына дейінгі, балалар ойыны мен ересектер демалысы алаңқайларына дейінгі қашықтық сонымен бірге тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар терезелеріне дейінкем дегенде 20м: жалпы қолданыстағы шаруашылық мақсатқа арналған алаңқайлардан ең алыс үй-жай теліміне дейінгі қашықтық - 100м аспайтын; атмосфераға зиянды химиялық заттарды, шуды, дiрiлдi шығаратын көздер болып саналын кіші кәсіпкерлік қызмет нысандарына дейінгі қашықтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының келісімімен белгіленеді.</p> <p>Көршілер қарым-қатынасының және тұрғындардың ұжымдық қызметінің ұйымдасқан түрлеріне арналған дәстүрлі өнерпаздар іс-шараларына арналған алаңдар уақытша жабдықталу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек (киіз үй, ошақ, бастырма және т.б.)</p>		

Көршілес телімдерде орналасқан шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды біріктіруге болады.

5.2.3 Үй-жайлық және пәтерлік телімде ағаштар мен бұталарды ғимараттар мен имараттардан 5-кестеге сәйкес қашықтықта орналастырған жөн .

5.2.4 Біріктірілген құрылыстың ең жоғары алаңы [8] 1-кестесі бойынша қабылданады.

5.2.5 Отын резервуарынан құрылыстарға дейінгі қашықтық [10] сәйкес қабылданады. Қабылданған қашықтықтарды отынды жер асты резервуарларға қоймалаған кезде 50%-ға азайтуға болады.

5.2.6 Шаруашылық ауланың алаңы мен жоспарлануы, жеке қосалқы шаруашылықтың көлемі, шаруашылық құрылыстардың құрамы үй-жайлық телімнің ауданына және оны әр түрлі тұрпатты елді мекендерде пайдалану сипатына қатысты. Үй-жайлық телімнің көлеміне байланысты үй-жайлық телім нысандарының құрылыс алаңы мен құрамы 6-кестеде келтірілген.

5-кесте – Ағаштар және бұталар мен ғимараттар және имараттар арасындағы қашықтықтар

Ғимараттар мен имараттар	Осіне дейінгі қашықтық, м	
	Ағаш діңінің	бұтаның
Ғимараттар мен имараттардың сыртқы қабырғаларынан	5	1,5
Көршілес телімнің шекарасынан	3	1
Жарықтандыру желісінің діңгектерінен және тіреулерінен	4	-
Тіреу қабырғаларының табанынан немесе ішкі қырынан	3	1
Жер асты желілерінен:		
-газ құбыржолының	1,5	-
-кәріздің	1,5	-
-жылыту құбырының (арна қабырғаларынан) және арнасыз тартудағы құбыржолдың	2	1
- су құбырының, дренаждың	2	-
- күш шоғырсымының және байланыс шоғырсымының	2	0,7
Ескертпе – Келтірілген көрсеткіштер ағаштың ұшар басының ені 5м аспайтын ағаштар үшін көрсетілген және үлкен диаметрлер кезінде тиісінше көбейтілу керек.Әуе электр желілерінен ағаштардың ұшар басына дейінгі қашықтықты электр қондырғыларын орнату ережелеріне сәйкес қабылдаған жөн		

5.2.7 0,10 га-дан астам үй-жайлық телімдерде келесі шаруашылық құрылыстар мен имараттарды орналастыруға рұқсат етіледі, ұсынылатын жалпы алаңы аспау керек (м²):

5.2.8 Қосалқы шаруашылық жүргізу жағдайында және телім көлемі 0,10 га артық болса, мал мен құстарды асырауға арналған оқшау тұрған шаруашылық имараттар мен құрылыстарды тұрғын үйлерден, тәрбие мен білім беру мекемелерінен, шахталық құдықтардан тұрғындарды орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау көздеріне дейінгі ең төменгі санитарлық қашықтықтарды сақтап және 7-кестеге қарап орналастыру керек.

6-кесте – Үй-жайлық телім нысандарының құрылыс алаңы мен құрамы

Үй-жайлық телімнің ауданы	Үй-жайлық телім нысандарының құрылыс алаңдары мен құрамы, м ²			
	Шаруашылық құрылыстар	бақ	бау	Шаруашылық аула, өтпелер, соқпақтар
600-ден кем	50-ге дейін	150-ден 300-ге дейін	30-дан 150-ге дейін	70-тен 100-ге дейін
600 және одан астам	100-ден 200-ге дейін	«250 « 400	«150 « 400	« 100 « 250
Ескертпе – Шаруашылық құрылыстың биіктігі жер беті деңгейінен: итарқалық құралымның үстіне дейін (жабын шатыржалы) - 3 м аспау керек; парапет немесе итарқалық емес құралым үстіне дейін (тегіс жабын) – 2,5 м аспау керек				

Ең жоғары жеке шаруашылықтағы мал мен құстарға арналған қора.....	45
Сол, бірақ орташа жеке шаруашылықта.....	25
Сол, бірақ ең төменгі жеке шаруашылықта	15
Шаруашылық құрал-сайман және отын сақтауға арналған қора.....	15
Шаруашылық бастырма.....	15
Малдарға жем дайындау орынжайы.....	20
Жаздық асүй	10
Гараж.....	25
Монша.....	12
Жылыжай.....	20
Жерқойма	10
Жазғы душ.....	6
Көң сақтау орны.....	6
Қоқыс жинақтаушысы бар дәретхана.....	3

5.2.9 Тұрғын бөлмелерінің терезелерінен көршілес телімдерде орналасқан үй мен шаруашылық құрылыстар қабырғаларына дейінгі (мал мен құстары жоқ қора, гараж, монша) қашықтық санитарлық және тұрмыстық шарттар бойынша 6 м кем болмау керек.

Көршілес үлескінің шекарасынан шаруашылық құрылыстарды және перголдар мен күркелерді (биіктігі 3м аспайтын)

кем дегенде 1 м қашықтықта орналастыру керек, үй жануарлары тұратын вольерлерді – кем дегенде 4 м, жеке тұрған тұрғын үй мен өртке қарсы суат (тоған, хауыз) – кем дегенде 3 м, жасыл желектер: биік жеміс ағаштары (алма, алмұрт, қара шие т.с.с.)-

кем дегенде 3м; орташа биіктікті жеміс ағаштарын (шие, алқоры, алша, бүрген, ақшатыр т.с.с.), сонымен бірге қортық жеміс және сәнді ағаштарды – кем дегенде 2 м; жидекті (қарақат, бүлдірген, жүзім т.с.с.) және сәнді бұталарды – кем дегенде 1м.

7 -кесте – Құрылыстардан ғимараттар мен имараттарға дейінгі санитарлық арақашықтық көлемі

Ғимараттар, имараттар	Төлдерін есептегенде бір мезгілде асырайтын үй жануарларына арналған (с.і. вольерлер) құрылыс: 2 сиыр мен шошқаға дейін; 5 ешкі мен қойға дейін; 10 қоянға дейін; үй құсының 50 данасына дейін	Төлдерін есептегенде бір мезгілде асырайтын үй жануарларына арналған (с.і. вольерлер) құрылыс: 4 сиыр мен шошқаға дейін; 10 ешкі мен қойға дейін; 20 қоянға дейін; үй құсының 50 данасына дейін	Көң сақтау орны	Жуынды төгетін шұңқыр	Көндер (тыңайтқыштар)	Салқын дәретханалар	Қоқыс төгетін шұңқырлар
1-қабатты тұрғын үйлер қасбет бүйіржақ	15	25	15	15	10	10	10
2-қабатты тұрғын үйлер қасбет бүйіржақ	15 15	25 25	15 15	15 15	10 10	10 10	10 10
Тәрбие мен білім беру мекемелері қасбет бүйіржақ	25	50	25	15	30	20	15
Үлескі шекарасы	20	40	20	-	10	10	10
Шахталық құдық	30	50	50	50	50	50	50

5.2.10 Егер телім шекарасы көліктік коммуникациялардың қызыл сызығына сәйкес келсе, тұрғын үйді қызыл сызықтан кем дегенде 3м қашықтықта орналастыру керек, егер басқасы қалақұрылыстық құжаттамада көрсетілмесе.

Қалыптасқан аулалы тұрғын үй құрылысын қайта құралымдау кезінде бекітілген қалақұрылыстық құжаттаманы, ҚР ҚН 3.01-02 талаптарын, [3] сәйкес өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтаған жағдайда, берілген қашықтықты аймақтық сәулет және қала құрылысы органының келісімімен қысқартуға рұқсат етіледі.

5.2.11 Ауылдық елді мекендерде және кіші қалаларда бірнеше қожайынға арналған үй-жайлық телімдерден тыс орналасқан шаруашылық құрылыстарды (соның ішінде мал мен құстарға арналған қораларды) біріктірген кезде, үйдің тұрғын бөлмелерінің (бөлмелер, асүйлер, дәліздер) терезелерінен санитарлық қашықтықты шаруашылық құрылыстар бөлігіндегі ұяшықтар санына байланысты 8-кестеге сәйкес қабылдау керек.

8-кесте – Үйдің тұрғын бөлмелерінің терезелерінен санитарлық қашықтықтар

Шаруашылық құрылыстар бөлігіндегі ұяшықтар саны	Санитарлық қашықтық, м (кем емес)
1-2	15
3-8	25
9-30	50
31-120	100
Ескертпе – Тұрғын аймағы шеңберінде орналастырылатын қоралар бөліктерінің әрқайсысының құрамында 30 ұяшықтан аспау қажет.	

Мал мен құсқа арналған біріктірілген қоралар құрылысының ауданы 800 м² аспау керек. Қоралар бөліктерінің арасындағы қашықтықты [3] келтірілген өртке қарсы нормаларға және санитарлық талаптарға сәйкес қабылдау керек

6 КӨГАЛДАНДЫРУ МЕН АБАТТАНДЫРУДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**6.1 Көгалдандыру мен абаттандыру**

6.1.1 Аулалы тұрғын үй құрылысы аудандарында құрамында демалыс, дене шынықтыру және спорт орындары бар, жалпы қолданылатын көгалдандырылған аумақтарды құру керек: тәрбие мен білім беру мекемелері мен басқа қоғамдық мақсаттағы нысандар, тұрғын көшелері телімдерінің аумақтарын көгалдандыру.

6.1.2 Көгалдандырылған аймақтарды (саябақтар, гүлдер бағы) нормативке сүйене отырып кем дегенде 6 м²/ад., жаяу жүргіншілердің қол жетімділігі 20 минуттан аспайтындай етіп орналастыру керек. Көгалдандырылған аймақтар шеңберінде балалардың ойын алаңдары (1,6 м² /ад.), дене шынықтыру және спорт алаңдарын (1,1-ден 1,8 м² /ад), тыныштықта демалу және қатынасу алаңдары (1 м² /ад) орналастыруға рұқсат етіледі. Жасыл желектер жалпы қолданылатын демалыс орындары ауданының 50%-нен кем болмау керек.

6.1.3 Тұрғындар саны 1,5 мыңнан 3,0 мың адамға дейінгі құрылымдық-жоспарлау элементтері шеңберінде көлемі 1200 м² әмбебап дене шынықтыру алаңын (жеңіл атлетика, гимнастика, волейбол, баскетбол, мини-футбол) жобалаған жөн. Бірнеше құрылымдық-жоспарлау элементтері үшін дене шынықтыру және спорт алаңдарын көршілес немесе мектептің спорт бөлігімен бір кешенде орналастыруға болады.

Тәрбие мен білім беру мекемелері телімдерін көгеріштендіру 40%-кем болмау керек

6.1.4 Үй-жайлық телім қоршауының болуы, оның биіктігі, жарық өткізгіштік дәрежесі мен эстетикалығы бекітілген қалақұрылыстық регламенттерге сәйкес белгіленеді.

Үй-жайлық телімнің қоршауын орнатуға келесі параметрлер мен талаптар қойылу керек:

- көше немесе өтпе жағынан қоршаудың биіктігі 2 м-ге дейін орнатылады, жарық өткізгіштік дәрежесі – барлық биіктік бойынша 0-ден 100%-ға дейін;

- көршілес үй-жайлық телім жағындағы қоршаудың биіктігі 1,7 м-ге дейін жарық өткізгіштік дәрежесі – барлық биіктік бойынша 50-ден 100%-ға дейін.

Көршілес телімнің белгіленген (геодезиялық) шекарасынан 1м қашықтықта және одан жақын телімнің қосалқы қоршауын орнатуға тыйым салынады (егер өзгесі көршілес үй иелерімен, иелестермен заңнамада белгіленген тәртіппен келісілмесе).

Екі немесе одан көп пәтерден тұратын пәтерлік телімдер арасында қоршауларды орнату кезінде, көршілес пәтердің (пәтерлер) қасбеттері меншатырларын, үйдің бөліктерін жөндеуге кем дегенде 1 м өңірді қамтамасыз ету керек. Пәтерлік телімдер арасындағы қоршаудың биіктігі көршілес пәтердің терезесі бар қасбетіне қарама-қарсы жер бетінен 1,2 м-ден аспау керек және олар болмаған жағдайда, 1,2 м-ден аспау керек.

6.2 Суғару

Жеке тұрғын үй құрылысы аудандандарындағы жасыл желектерді суғару [11] сәйкес жүзеге асырылады.

6.3 Аумақтың инженерлік дайындығы

6.3.1 Жер беті суларын әкетуді барлық бассейнен(суаттарға құятын науалар, су арналары, сайлар және т.б.), [4] сәйкес, қалаларда алдын ала ағын суы тазартылатын жабық типті жауын-шашын кәрізін қарастыра отырып, жүзеге асыру қажет.

Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында және ауылдық елді мекендерде, сонымен бірге көшелермен, жолдармен, өтпелермен және тротуарлармен қиылыстарда, көпірлер немесе құбырлар орнатылған саябақтар аумақтарында ашық су әкету құрылғыларын (арық, науа, кювет) қолдануға рұқсат етіледі.

6.3.2 Жеке тұрғын үй құрылысы аумағында, топырақ суларының деңгейі жоғары, сазды жерлердегі ауылдық елді мекендерде және стадиондар, саябақтар және өзге жалпы қолданыстағы көгалдандырылған территориялардағы күрделі құрылыс өңірлерінде жабық дренаждар орнату арқылы топырақ сулары деңгейінің төмендеуін қарастырған жөн, ашық құрғату желісіне жол беріледі.

Аталған іс-шаралар [4] сәйкес күрделі құрылыс аумағындатопырақ суларының төмендеуін қамтамасыз ету керек – жобалық беткі белгіден кем дегенде 2 м жерде; стадиондар, саябақтар, гүл бақтары мен басқа жасыл желектерден кем дегенде 1м жерде.

6.3.3 Жағалаулар маңында орналасқан жеке тұрғын үй құрылысы мен ауылдық елді мекендер аумақтарын селден, жел қуған толқындардан және топырақ суларынан төсеме (жуып шаю) немесе үйінділермен қорғау керек. Төсемесі бар аумақ жиегінің белгісін желмен қуылған толқындар биіктігін ескере отырып, биік сулардың есептік деңгейінен кем дегенде 0,5м биіктеу қабылдау керек. Есептік деңгейден бөгетше жотасының биіктігін [4] және [12] сәйкес имараттар класына байланысты орнату қажет.

Биік сулардың есептік деңгейі есебінде тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар құрылысы салынған немесе келешекте салынатын аймақтар үшін 100 жылда бір рет және саябақтар мен жазықтықты спорттық имараттар аумақтары үшін 10 жылда бір рет қайталанатын ең биік су деңгейінің белгісін қабылдау керек.

7 ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

7.1 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарына қызмет көрсету жүйесінде 1000 м-ге дейін жаяу жүріп қол жеткізу радиусында орналасатын күнделікті пайдалану мекемелері және 1500 м-ге дейін жаяу жүріп қол жеткізу радиусында (15 мин-қа дейінгі жаяу және көліктік қозғалыстарды қоса алғанда) орналасатын дүркін-дүркін пайдалану мекемелері бөлінеді.

Алдын ала есептер үшін, аумақтарды резервілеу мақсатымен, қызмет көрсету мекемелерімен қамтылу тізілімі мен нормативтер көрсеткіштері және олардың жер телімдерінің көлемі ұсынылатын Г қосымшасына сәйкес қабылданады.

Жалпықалалық (жалпыауылдық) маңыздағы мамандандырылған, көпсалалы және басқа қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарын орналастыру кезінде, олардың саны, құрамы және сыйымдылығы қаланың (кенттің) барлық тұрғындарына қызмет көрсету есебінен [8] келтірілген есеп нормалары бойынша белгіленеді.

Бәсекелестік кәсіпкерлік қызмет негізінде ең төменгі есептік қажеттіліктен артық пайда болатын қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарын орналастыру кезінде, олардың саны, құрамы, сыйымдылығы мен қолжетімділік радиустары белгіленбейді.

7.2 Қалалардағы жеке тұрғын үй құрылысында орналастырылатын күнделікті пайдаланатын қызмет көрсету нысандарына дейінгі қолжетімділік көрсеткіштерін, әдеттегідей, 9-кестеде келтірілген көрсеткіштерден аспайтындай қабылдаған жөн.

7.3 Ауылдық елді мекендердің жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарын әр елді мекен тұрғындарын жаяу қолжетімділік радиусы 30 минуттан аспайтын күнделікті қызметпен қамтамасыз ету есебінен қарастырып орналастырған жөн.

Жоғары дәрежелі қызмет көрсету нысандарымен қамтамасыз етуді ауылдық елді мекендер тобына [8] келтірілген есептер нормалары бойынша немесе қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік пен бәсекелестіктің дамуын ескере отырып, ауылдарлық қызмет көрсетудегі елді мекеннің қызметіне сәйкес жобалау тапсырмасы бойынша қарастыру керек.

Ауылдық елді мекендердің қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары жер телімдерінің көлемдерін қалалық елді мекендерге ұсынылатын нормативтер бойынша қабылдауға рұқсат етіледі.

Ауылдық мекеннің тұрғындарын қызмет көрсету мекемелерімен қамтылуының ең төменгі көрсеткіштері ұсынылатын Г қосымшасында келтірілген.

8 КӨЛІКТІК ЖӘНЕ ЖОЛ-КӨШЕЛІК ЖЕЛІНІ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы көшелер мен жолдардың параметрлері, сонымен бірге көшенің бір қозғалыс жолағының өтімділік қабілеті көшелер мен жолдар санатына, қозғалыс құрамына, есептік жылдамдыққа, бойлық еңіске байланысты есеппен [8] нормаларына сәйкес белгіленеді.

Көшелер мен жолдардың өтімділік қабілетін алдын ала есептеу үшін, қозғалыс жолағына түсетін жүктемені сағатына 1200-1500 келтірілген бірлік етіп қабылдауға болады.

9-кесте – Күнделікті қолданылатын қызмет көрсету нысандарына дейінгі қолжетімділік көрсеткіштері

Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары	Қызмет көрсету радиусы, м
Мектепке дейінгі балалар мекемелері	600
Жалпы білім беру мектептері	800
Бастауыш мектеппен біріккен мектепке дейінгі балалар мекемелері	600
Сүт асүйлерінің тарату нүктелері	800
Дәріханалар	1000
Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған алаңдар кешені	800
Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған орынжайлар	800
Күнделікті демалысқа арналған орынжайлар	1000
Сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары	1000
Коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындары	1000
Байланыс бөлімшелері	800
Банк мекемелері	800
Ескертпе – Белгіленген қолжетімділік радиусын сақтау үшін, сыйымдылығы 1000 орыннан асатын жалпы білім беру мектептерін жобаламаған жөн. Оқушыларды тасымалдау ұйымдастырылған кезде жалпы білім беру мектептерінің қолжетімділік радиусы шектелмейді және жобалау тапсырмасымен белгіленеді.	

8.2 Екі жолақты көшелер мен жолдардағы бойлық еңісі 20%-дан асатын және қашықтығы 300 м-ден астам өрлеу үлескілерінде, ереже бойынша, қосымша қозғалыс жолағын қарастыру керек. Екі жолақты жол бөлігінен үш жолақты жол бөлігіне дейінгі және керісінше ауысу үлескісінің ұзындығын кем дегенде 70 м етіп қабылдау керек.

Террасалық құрылыс кезінде өрт сөндіру машиналары өтетін өтпелер мен оларды байланыстыратын жаяу жүргіншілер (баспалдақты) жолдарын қарастыру керек. Өтпелер мен жаяу жүргіншілер жолдары арасындағы қашықтық 100 м-ден аспау керек.

8.3 Жеке тұрғын үйлер топтары арасындағы көлденең өтпелер бір-бірінен 200 м-ден аспайтын қашықтықта орналастырылу қажет.

Үй-жайлық телімдерде мал мен құсты асыраған кезде, жеке малды айдап өтуге арналған және жүк машиналары өтуге арналған ені 4,5 м-лік бір жолақты орамшілік шаруашылық өтпелерді бір-бірінен 75 м қашықтықта ені 6 м-лік және ұзындығы 15 м-лік өткелдерді орналастыра отырып қарастыру керек.

8.4 Магистралды көшелердің жанындағы жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында тұрғын үйлерге кіре берістерді, әдеттегідей, жергілікті маңызы бар және бүйір өтпелерден қарастыру керек. Магистралды көшелердің негізгі қозғалыс бөлігіне үй-жайлық телімдер топтарына түйісулерге рұқсат етіледі, сонымен бірге осындай түйіспелердің осьтары

арасындағы қашықтық 150 м-ден кем болмау керек.

Қайта құралымдау жағдайында өтпелердің жалпықалалық маңыздағы реттемелі қозғалысты магистральды көшелердің негізгі қозғалыс бөлігіне түйіспелер рұқсат етіледі.

Көшелердің, жергілікті немесе бүйір өтпелердің жиегінен құрылыс сызығына дейінгі қашықтық 25 м-ден аспау керек.

Аталған қашықтық сақталмаған жағдайда құрылыс сызығынан 5 м-ден аспайтын қашықтықта өрт сөндіру машиналары өтетін ені 6 м-лік жолақты қарастыру қажет.

8.5 Тұйық көшелердің аяқ жағында көлемі 20x20 м бұрылыс алаңдарын немесе орталық аралының диаметрі 16 м жол орамдарын орналастыру қажет.

8.6 Магистральды көшелердің негізгі жол бөлігіне бүйір өтпелер түйіспелерін, ереже бойынша, екі жолақты қозғалыс кезінде қиылыс шетінен есептегенде 50 м-ден жақын болмау керек, бір бағыттағы үш және одан көп жолақты қозғалыс кезінде - 60м.

8.7 Көшелердегі тротуарларды құрылыс сызығынан кем дегенде 3м қашықтықта орналастыру ұсынылады. Жекелеген жағдайларда тротуардың жолдың қозғалыс бөлігіне жанасуына жол беріледі.

Тротуарлар ені: жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығы 100 ад./сағ. төмен болса – 1,5 м, жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығы 100 ад./сағ. асса – 2,25 м. Қыс мезгілінде жауған қардың көлемі 200 м³/м-ден асатын аудандардағы магистральды көшелердегі тротуарлар ені 3 м-ден кем болмау керек. Тротуарлардың жаяу жүргіншілер бөлігі енінің ішіне киоскілерді, аялдамаларды, орындықтарды және т.б. орналастыруға арналған алаңдар қосылмайды.

8.8 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы жеңіл автомобильдерге арналған гараждарды, әдеттегідей, үй-жайлық телімде орналастырған жөн.

8.9 Жеңіл автомобильдерді уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтарды мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету нысандары, өндірістік және коммуналдық-қоймалық нысандар жанында қарастыру керек. Тұрақтар ауданы [8] сәйкес немесе жобалау тапсырмасы бойынша қабылданады.

8.10 Жанармай құю станцияларын орналастырған кезде, [8] талаптарын басшылыққа алған жөн.

8.11 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы қоғамдық жолаушылар көлігінің жер бетіндегі желілерін магистральды көшелермен тарту қажет. Автобус желілерін бір бағытта және негізгі тұрғын көшелермен тартуға рұқсат етіледі.

8.12 Қоғамдық көлік аялдамаларының арасындағы қашықтықтар жаяу жүргіншілердің аялдамаға келу ұзақтығын 10-кестеге сәйкес қамтамасыз ету керек.

8.13 Қозғалыс реттемелі магистральды көшелердегі автобустар мен троллейбустардың аялдамаларын, әдеттегідей, қиылыстан кейін 20 м-ден кем емес қашықтықта орналастыру керек. Аялдама алаңының ұзындығын бір бағытты маршруттар үшін 20 м-ге дейін, бірнеше бағытты маршруттар үшін 30 м-ден 40 м-ге дейін, ені – кем дегенде 3 м, кеңейту - 15 м-ден кем емес болу қажет.

Отырғызу алаңының енін 1,5 м-ден 2,25 м-ге дейін аялдаманың жолаушылардың айналымына (санына) байланысты қабылдау керек (бастырманы орнатуды ескермегенде).

10-кесте – Қоғамдық көлік аялдамалары арасындағы қашықтықтар

Қаланың аудандары	Қалалардағы келу жолдарының ұзындығы, м	
	Ірі және үлкен	орта және кіші
Біріктірілген құрылыс	500	350
Үй-жайлық құрылыс	800	600
Өндірістік және коммуналдық-қоймалық (кәсіпорындардың қақпаларынан)	400	300
Бұқаралық демалыс және спорт өңірлері (бас кіре берістен)	800	400
Жалпықалалық орталық (көпшілік пайдаланатын нысандардан)	250	150

Ескертпе – Ауылдық елді мекендердегі қоғамдық көлік аялдамалары арасындағы қашықтықты үй-жайлық құрылысқа арнап қабылданған көрсеткіштерге сәйкес қабылдау керек.

9 ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

9.1 Сумен жабдықтау және суды бұрып әкету

9.1.1 Сумен қамту жобалары су тұтыну мен суды әкету теңгерімін міндетті талдау арқылы жобаларымен бір мезгілде әзірленуі керек ([6], [7], [9]).

9.1.2 Үй-жайлық типті тұрғын үйлер үшін құрылыстың бірінші кезегіне орталықтандырылған сумен қамту жүйесі кезінде және кәріздік ағын суларды тиісті қабылдануын ұйымдастыру кезінде жергілікті (тұрғын бірлігі немесе орамға) немесе автономды (бір үй-жайлық телімге) кәріздер жүйелерін қарастыруға болады.

9.1.3 Жергілікті кәріздер жүйелерінің тазарту құрылғыларының жер телімдерінің және олардың санитарлық қорғау өңірлерінің көлемдерін топырақ жағдайларына және ағын сулар көлеміне байланысты қабылдау керек, бірақ 0,25 га-дан аспау керек.

Жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының келісімімен ағызу станцияларын қолдануға рұқсат етіледі. Ағызу станцияларына бөлінетін жер телімдерінің көлемдерін және олардың санитарлық-қорғау өңірлерін [4] сәйкес қабылдау керек.

Кәріз тартылмаған жеке тұрғын үй құрылысы өңірінде биодәретханаларды қолдану ұсынылады.

9.2 Санитарлық тазарту

9.2.1 Тұрмыстық қалдықтарды жинауға қоқыс жинақтағыштар мен контейнерлер үшін арнайы көлік жақындай алатын арнайы алаңдар қарастырылады .

Тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін қоқыс жинақтағыштарды және контейнерлерді орнатуға арналған алаңдардың көлемдері белгілі контейнерлер санын орнатуға есептелеуі керек.

керек, бірақ 5-тен аспау керек.

9.2.2 Орнатылатын қоқыс жинақтағыштардың санын анықтау тұрғындар санына, қалдықтардың жинақталу нормативтеріне, сақтау мерзімдеріне негізделіп жүзеге асырылады.

9.2.3 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында қоқыстарды тазалау үшін қоқыс жинақтағыштарға және ірі көлемді шаруашылық-тұрмыстық қалдықтарға арналған алаңдарды бір-бірінен 200 м қашықтықта орнату керек. Қоқыс жинау алаңдары тұрғын үйлердің терезелерінен, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, емдік-профилактикалық ұйымдардың және тамақтану нысандарының шетінен кем дегенде 20 м қашықтықта орналасу керек.

9.2.4 Жеке тұрғын үй құрылысы ауданында ірі көлемді тұрмыстық және шаруашылық қалдықтарға арналған алаңдарды олардың жиналу нормасына қарап, қатты тұрмыстық қалдықтардың нормативтік көлемінің 5 % мөлшерінде қарастыру керек.

9.2.5 Тұрмыстық қалдықтардың жинақталу нормаларын 11-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

11-кесте – Тұрмыстық қалдықтардың жинақталу нормалары

Тұрмыстық қалдықтар	Тұрмыстық қалдықтар саны 1 адамға, жылына л	
	кг	л
Қатты: Су құбырымен, кәрізбен, орталықтандырылған жылумен және газбен жабдықталған тұрғын ғимараттарынан	190-225	900-1000
Өзге тұрғын ғимараттарынан	300-450	1100-1500
Қоғамдық ғимараттарды ескере отырып қала бойынша жалпы саны	280-300	1400-1500
Сұйық сыпырындылар (ағызу станциялардың)	-	2000-3500
Көшелердің, алаңдар мен саябақтардың қатты беттерінің 1 м ² -нен сыпырындылар	5-15	8-20

9.3 Энергиямен жабдықтауды жобалау ережелері

9.3.1 Энергетикалық жүктемелерді өтеу үшін энергия тасқыштарды таңдау елді мекеннің отын-энергетикалық теңгерімі құрылымын ескере отырып, климаттық жағдайлардың, қалақұрылыстық және басқа факторлардың әр түрлі нұсқаларының техника-экономикалық салыстырмалары негізінде, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау, аумақтарды үнемдеу талаптарын ескеріп атқарылу керек.

9.3.2 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарының электржабдықтауын аудандық энергетикалық жүйе желілерінен қарастыру керек, ол болмаған жағдайда - жергілікті электр станцияларынан.

9.3.3 Алдын ала есептер үшін шаруашылық-тұрмыстық және коммуналдық қажеттілікке ірілендірілген көрсеткіштерді қолдану қажет.

9.3.4 Кернеуі 110-120 кВ жабық төмендету подстанциялары мен тарату

құрылғыларына арналған жер телімдерінің көлемдерін 0,6 га-дан аспайтындай қабылдау қажет.

9.3.5 Электр тасымалдау әуе желілерінің бойымен кернеу қуаттылығына байланысты 12-кесте бойынша қабылданатын күзету және санитарлық қорғау өңірлері қарастырылу керек.

9.3.6 Жеке тұрғын үй құрылысының жылу жабдықтауын, ереже бойынша, аудан тұрғындарының тығыздығына негіздеп қарастыру керек. Жеке тұрғын үй құрылысының бейорталықтандырылған жылу жабдықтауын зауыттық өндірілген жылу қондырғыларын және сумен жылыту жүйелерін пайдалана отырып тұрғындар тығыздығы 40 ад./га төмен болғанда қарастырылады.

9.3.7 Қолданыстағы құрылыстағы ошақпен жылыту жүйелерін қайта құралымдау кезінде, жылыту ошақтарын ауданды газдандыру жағдайында қатты отыннан табиғи газға көшіруге рұқсат етіледі. Сонымен бірге зауыттық өндірілген автомат жүйесі бар газ жанарғыларын қолдану керек.

9.3.8 Тұрғындар тығыздығы 40 ад./га жоғары біріктірілген жеке тұрғын үй құрылысының жылу жабдықтауын орталықтандырылған көздерден (топтық орамдық қазандықтар) қарастырған жөн.

9.3.9 Жылу желілерін жер астындағы каналдарда жобалау керек [10]. Тиісті дәлелденген кезде, ерекше жағдайда, жылу желілерінің жер үсті тартылуына жол беріледі.

9.3.10 Шаруашылық-тұрмыстық және коммуналдық қажеттіліктерге арналған газ шығындарын 13-кесте бойынша қабылдау керек.

Автономды жылу жүйесіне газ шығыны нормаларын тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 м^2 -не 100 м^3 есебінен қабылдаған жөн [9].

9.3.11 Жеке тұрған газреттеу пункттері (ГТП), шкафтық қондырғыларды қоса алғанда, тұрғын орамдар ішінде ғимараттар мен имараттардан кірістегі газ қысымы $6,0\text{ кг/см}^2$ кезінде кем дегенде 10 м қашықтықта орнату керек; газ қысымы $6,0$ -ден астам 12 кг/см^2 -ге дейін болса, 15 м. Сейсмикалық аудандарда аталған қашықтықтарды екіге көбейту керек [5].

9.4 Байланыс және радиотарату құралдарын жобалау ережелері

9.4.1 Байланыс бойынша жобалық шешімдер тұрғын үйлерде, қоғамдық ғимараттарда, басқа жалпы қолданылатын орындарда телефон орнату бойынша қолданыстағы ережелерге сәйкес атқарылады.

9.4.2 Байланыс желілері мен арналар желісі қалааралық және халықаралық байланыс жүйелеріне шығуды ескере отырып құрылады.

9.4.3 Радиотарату аудандық және қалалық радиотарату тораптарынан барлық тұрғын және мәдени-тұрмыстық ғимараттарда радионүктелерді орнату арқылы жүзеге асырылады.

12 -кесте – Электртасымалдау әуе желілерінің бойындағы күзету және санитарлық-қорғау өңірлері

ЭТЖ кернеуі, кВ	Күзету өңірлерінің ені, м	Санитарлық қорғау өңірлерінің ені, м
10-ға дейін	10	-
35	15	-
ЭТЖ кернеуі, кВ	Күзету өңірлерінің ені, м	Санитарлық қорғау өңірлерінің ені, м
110	20	-
220	25	20
330	30	20
400	30	25
500	30	30
750	40	250
1150	-	300

Ескертпе – Кернеуі 750 кВ, 1150 кВ ЭЖ трассасының қысылған жағдайында (шатқал, үйінділер және т.б.) қашықтықтардың қысқартылуы қарастырылады, бірақ тиісінше 40м және 55м-ден кем емес, мемсанэпидқағалау органдарымен келісілген жағдайда.

13-кесте – Шаруашылық-тұрмыстық және коммуналдық қажеттіліктерге арналған газ шығындары

Тұтынушылар	Норма
Үйде (пәтерде) газ плитасы мен орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау бар болса:	
табиғи газ	660
сұйытылған газ	610
Үйде (пәтерде) газ плитасы мен газ сужылытқышы бар болса:	
табиғи газ	1900
сұйытылған газ	1750
Үйде (пәтерде) газ плитасы бар, бірақ газ су жылытқышы жоқ болса:	
табиғи газ	1100
сұйытылған газ	1050

9.5 Инженерлік желілерді орналастыру ережелері

9.5.1 Инженерлік желілерді негізінен көшелер мен жолдар кескіні шеңберінде орналастыру керек:

– тротуарлар астында (немесе айыру жолақтарының астында) – жылу желілерін, өту мүмкіндігі жоқ және өтетін каналдар;

– айыру жолақтарында – су құбыры, газ құбыры, шаруашылық-тұрмыстық және беткі (лицевая) кәрізді.

Жүргінші жол ені 22 м астам болса, су құбыры желілерін жолдың екі жағынан тарту қарастырылады.

Ең жақын жер асты инженерлік желілерден ғимараттар мен имараттарға дейінгі көлденең (жарықтағы) қашықтықты 14-кесте бойынша қабылдау керек.

Қатар (параллель) тартылғандағы көршілес инженерлік жер асты желілер арасындағы көлденең (жарықтағы) қашықтықты 15-кесте бойынша қабылдау керек.

9.5.2 Қалақұрылыстық жобалаудың барлық кезеңдерінде инженерлік желілерді орналастыруға арналған арнайы техникалық аймақтар жүйесін қарастыру керек.

Техникалық өңірлерді магистраларалық аумақтар ішінде жеке тұрғын үй құрылысы жер телімдерінен тыс орналастыруға жол беріледі.

Техникалық өңірлерді әдеттегідей, көшелердің оңтүстік және батыс жақтарында орналастыру керек.

10 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ТАРАУЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

10.1 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жайғастыру және құрылысын салу жобаларын әзірлеген кезде, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі және табиғатты қорғау жобалауы мен нормалануы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалау жасалады.

10.2 Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын жайғастырып, құрылысын салу кезінде, поезд жүретін шеткі теміржол қатынас жолының осінен тұрғын үй құрылысына дейінгі қашықтық 100 м кем болмау керек. Шудан қорғану іс-шараларын атқару кезінде және теміржолдар өтетін жерлердегі 3 м-ден астам ойықтарда шудан қорғау өңірінің ені мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының келісімімен 50 м-ге дейін кішірейтілуі мүмкін. СҚӨ 50%-нан астамы көгалдандырылу керек.

11 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

11.1 Террасалық құрылыс кезінде өрт сөндіру машиналары өтетін өтпелерді және оларды байланыстыратын жаяу жүргіншілер (баспалдақ) жолдарын қарастырған жөн. Өтпелер мен жаяу жүргіншілер жолдары арасындағы қашықтық 100 м-ден аспау керек.

11.2 Магистралды көшелер жанындағы жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы тұрғын үйлерге кіре берістерді жергілікті маңыздағы көшелерден және бүйір өтпелерден қарастыру керек.

Көшелердің негізгі жүргінші жолының, жергілікті немесе бүйір өтпелерінің шетінен құрылыс шетіне дейін 25 м аспау керек.

Қашықтық артық болған жағдайда, өрт сөндіру машиналары өтуге жарамды құрылыс шетінен 5 м-ге дйінгі қашықтықта ені 6 м жолақты қарастырған жөн.

11.3 Өртке қарсы сумен жабдықтау суқұбыры желісінен төмен және жоғары қысымды гидранттардан су беру арқылы қарастырылуы мүмкін немесе суды тікелей өртке қарсы резервуарлардан немесе табиғи суаттардан беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Өрт сөндіруге кеткен шығындарды [3] талаптарына сәйкес қабылдаған жөн.

14 -кесте – Ең жақын жер асты инженерлік желілерден ғимараттар мен имараттарға дейінгі көлденең (жарықта) қашықтық

Инженерлік желілер	Жер асты желілерінен әуе электр тасымалдау бағаналарының іргетастарына дейінгі көлденең қашықтық, м						
